

## **Бірлік ауылдық округінің Алтыұй ауылындағы көшені қайта атау туралы**

Алматы облысы Панфилов ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 10 қыркүйектегі № 5 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 1 қазанда № 4840 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес , Бірлік ауылдық округінің Алтыұй ауылы халқының пікірін ескере отырып және Алматы облысының ономастикалық комиссиясының 2018 жылғы 26 наурыздағы қорытындысы негізінде, Панфилов ауданы Бірлік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Бірлік ауылдық округінің Алтыұй ауылындағы "Шығыс" көшесі "Тұрсын Имяров" көшесіне қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Округ әкімі*

*Р. Аульбеков*